

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЖҰМЫС НҰСҚАУ

ЖН-07-18

МОДУЛЬДІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАЙЫНДАУ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Оқу-әдістемелік басқармасымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Оқу-әдістемелік басқарма басшысы, с.ғ.к., доцент Р.С. Тәжітаева
– Оқу-әдістемелік басқарма басшысының орынбасары, ғылым магистрі З.М. Оралова
3. Келісілді – Оқу істері жөніндегі проректор, т.ғ.к., доцент С.Д. Мамраимов
– Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлім басшысы А.А. Алтыбаева
4. «Сырдария» университеті Ғылыми кеңесінің 29 08 2018 № 1 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді – 2018
6. Тексерілу мерзімі – 2020

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Жетісай, 2018

«Сырдария» университеті
Сапа менеджменті бөлімі
Бақылау данасы

2018 жылғы 09 20 18 ж.

«Сырдария» университеті		ЖН-07-18
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Модульді білім беру бағдарламасын дайындау		13 беттің 2-беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Модульдік оқытудың әдіснамалық негізі ретінде модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу принциптері, әдістемесі және тәртібі саналады.

Оқыту нәтижелерінің тиімділігіне кешенді тәсілдерді сақтау арқылы қол жеткізуге болады. Модульдік принцип бойынша білім беру бағдарламалары да, оқу жоспарлары мен оқу пәндері де құрастырылады.

1.2 Оқыту нәтижелері білім берудің деңгейіне сәйкес Дублин дескрипторлары негізінде анықталады және құзыреттілік арқылы көрінеді.

Оқыту нәтижелері барлық бағдарлама бойынша да, жеке модуль мен жеке пән бойынша да анықталады.

1.3 Модульдік оқытудың мазмұны дегеніміз оқытудың мазмұнын жеке ұйымдастыру-әдістемелік модульдерге айналдыру болып табылады. Олардың мазмұны мен көлемі дидактикалық максаттарға, білім алушылардың бейіндік және деңгейлік саралануына қарай өзгеріп отыруы мүмкін.

Модульдердің бірігуі білім алушылардың белгілі санаттарының оқуы (және өздігінен оқуы) үшін және арнайы дидактикалық, кәсіби максаттарда іске асуы үшін талап етілетін нақты оқу материалын таңдау және құрастыру еркіндігі мен икемділігінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді.

1.4 Модульдік оқытудың негізгі принциптері мыналар:

1) білім беру бағдарламаларын, нақты пәндерді құрастырудың және олардың мазмұнын анықтаудың жүйелі тәсілдері,

2) білімді жеке элементтерге бөлшектеу және білім берушілер мен білім алушылар ынтымақтастығының нақты көрінуі,

3) әр модуль ішінде және олардың арасында оқу сабақтары түрлерінің әдістемелік тұрғыдан дұрыс үйлесуін қамтамасыз ету;

4) модульдік курс пен білім беру бағдарламалары құрылымының икемділігі,

5) білім алушылардың білімін бақылаудың тиімділігі мен бақылау іс-шараларының семестр барысында дұрыс бөлінуі,

6) студенттердің шығармашылық қызметі үшін алғышарттар құрылатын дамыта оқытудың әдістемелік принциптерін іске асыру мүмкіндіктері болып табылады.

1.5 Білім беру бағдарламасының әрбір модулі оқытудың белгілі нәтижелеріне, яғни құзыреттілікке қол жеткізуге бағытталған. Бұл ретте модульдер пәндердің мазмұндық бірлігі негізінде «көлденен» немесе «тік» сызба бойынша құрастырылуы мүмкін.

1.6 «Көлденен» модульде барлық құрамдас пәндер параллель оқытылуы мүмкін білім беру нәтижелеріне тең дәрежеде және біршама тәуелсіз қызмет етеді.

«Тік» модуль іргелі және жалпы кәсіби деңгейден арнайы тар қолданбалы деңгейге дейін белгілі бір білім беру нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған бірінен кейін бірі (ретімен) оқытылатын пәндерді қамтиды.

1.7 Модульдік білім беру бағдарламалары мамандарды даярлаудың құзыреттілік моделінің контекстінде әзірленеді. Бұл жағдайда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру барысында қалыптастырылатын құзыреттіліктер пән саласына қатысты және әмбебап (жалпы және пәннен тыс) құзыреттіліктерге бөлінеді.

Құзыреттіліктер білім мен түсінікті (академия саласындағы теориялық білім, білу және түсіну қабілеті), қалай әрекет етуді білуді (нақты жағдайларға білім мен дағдыларды практикалық және жедел қолдану) және қалай болатынын білуді (әлеуметтік контексте өзгелермен өмірдің ажырамас бөлігі ретіндегі бағалық аспект) қамтиды.

1.8 Модульді білім беру бағдарламасының құрылымы мыналарды көздейді:

1) оқу пәндерінен қайталау фрагменттерін алып тастау максатында қолданыстағы білім беру бағдарламаларының мазмұнын алдын ала терең пәнаралық тексеру;

2) МББ кіретін оқу модульдерінің тізбесін анықтау,

3) бір МББ аясында ықтимал білім беру траекторияларын белгілеу (бағыттарды, магистрлік бағдарламаларды, элективті пәндер мен қосымша білім беру бағдарламаларын есепке ала отырып);

«Сырдария» университеті		ЖН-07-18
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Модульді білім беру бағдарламасын дайындау		13 беттің 3-беті

4) профессорлық-оқытушылық құрамның еңбек шығынын және ЖОО-ның материалдық-техникалық, ақпараттық-кітапханалық және баспа-полиграфиялық базасының сапалы жаңартылуын талап ететін оқу модульдерін іске асыру жүйесін әзірлеу,

5) оқу үдерісінің қазіргі заманға сай жаңаруына жауап беретін жаңа қағидаттарда әкімшілік-басқару қызметін іске асыру

1.9 Білім беру бағдарламаларының модульдері нақты салалар немесе пәндер бойынша оқыту бағдарламаларының логикалық өзара байланыстағы компоненттерін білдіреді

1.10 Бір модульдің көлемі 5 және одан да көп қазақстандық кредитті немесе 8 және одан да көп ECTS кредиттерін құрайды және екі немесе одан да көп оқу пәндерін қамтиды.

1.11 Кәсіптік практикалардың түрлері, дипломдық жұмыстар және магистрлік/докторлық диссертациялар өзара байланысына және оқу пәндерімен мақсаттарының бірлігіне қарай білім беру бағдарламаларының тиісті модуліне қосылады. Сонымен қатар, кәсіптік практиканың әрбір түрі әртүрлі модульдерге жатуы мүмкін.

1.12 Модульдің құрамында кредиттегі әрбір құрамдас компоненттің модульдің жалпы еңбек көлеміндегі оның тікелей пропорционалдық үлесі анықталады

1.13 Модульдік қағидаттарға сәйкес білім беру бағдарламасын және оқыту пәндерін өзге нұсқалық бөліктерден (міндетті оқыту үшін модельдер) және вариативті, яғни еңбек нарығының, жұмыс берушілердің және студенттердің қажеттілігін есепке алатын ауыспалы модульдерден құрау мақсатты болып табылады.

Сонымен бірге білім беру бағдарламасының оқу пәндері үш топқа бөлінеді:

- А тобы - міндетті пәндер, олар қатаң берілген бірізділікпен оқытылады;
- В тобы - міндетті пәндер, олар еркін бірізділікпен оқытылады,
- С тобы таңдау бойынша пәндер, кез келген академиялық мерзімде оқытылады.

1.14 Модульдер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) жалпы модульдер – мамандығымен, сондай-ақ әлеуметтік-этикалық, мәдени құзыреттілікпен (тұлғааралық, мәдениетаралық, азаматтық), экономикалық (кәсіпкерлік) және ұйымдастыру-басқару құзыреттілігіне тікелей байланысы жоқ жалпы білім беретін құзыреттіліктерді қалыптастыратын жалпы білім пәндері (бұдан әрі – ЖБП) және базалық пәндер (бұдан әрі – БП) кезеңдерінің пәндерін қамтиды;

2) мамандық модульдері – мамандықтың негізін құрайтын және нақты жалпы білім беру бағдарламасының, сондай-ақ жалпы құзыреттіліктердің (сын тұрғысынан ойлау, креативті, шығармашылық), белсенді өмірлік ұстаным, инновациялылық) шеңберінде жалпы кәсіптік және арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған БП және кәсіптік пәндер (бұдан әрі – КП) кезеңдерінің пәндерін қамтиды,

3) біліктілік шеңберінен шығатын қосымша модульдер – мамандығына қатысы жоқ және қосымша құзыреттіліктерді (ақпараттық технологиялар, шетел тілдері және т.б.) қалыптастыруға бағытталған пәндер кезеңдерін қамтиды;

1.15 Модульді білім беру бағдарламасының құрылымы мынадай компоненттерді қамтиды:

1) білім беру бағдарламасының атауы,

2) білім беру бағдарламасының деңгейі: (бакалавриат/магистратура);

3) білім беру бағдарламасының паспорты, сондай-ақ білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер;

- ана тілі саласында,
- шет тілдері саласында,
- іргелі математикалық, жаратылыстану-ғылыми және техникалық дайындық,
- компьютерлік;
- оқу,
- әлеуметтік (тұлғааралық, мәдениетаралық, азаматтық);
- кәсіпкерлік, экономикалық;
- мәдени, сондай-ақ қосымша қабілеттер: сын тұрғысынан ойлау, креативті, (шығармашылық), инновациялық өлшем, белсенді өмірлік ұстаным),

«Сырдария» университеті		ЖН-07-18
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Модульді білім беру бағдарламасын дайындау		13 беттің 4-беті

4) әрбір модуль бөлінісінде қалыптасатын құзыреттіліктерді, қазақстандық кредиттердегі және ECTS кредиттердегі көлемін, оқыту кезеңін, модуль компоненттерін (құрамдас модульдің (пәндер, практикалар және т.б.) коды және атауы), пәндер топтамасын (ЖБП, БП, КП), міндетті компонентке немесе таңдау бойынша компонентке тиістілігін, кредиттердің санын және әрбір құрамдас модульге қатысты бақылау формасы) көрсете отырып, модуль түрлерінің шеңберінде білім беру бағдарламасының мазмұны

1.16 Оқу пәндеріне модуль құруда оның бағдарламасы білім алушылардың қажетті білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік алуына бағытталған модульге (кіші модульдер, бөлімдер) құрылады.

Сонымен қатар, оқыту пәндерінің модульдік бағдарламасы білім алушылардың дәрісханалық пен өзіндік жұмысы ретінде оқытылады және оқытушыларды ақпараттық функциялардан босатады

1.17 Модульдік оқу бағдарламасы мыналарды қамтиды:

- 1) оқу пәндерінің мақсаты мен міндеттерінің тізбесі;
- 2) білім алушылардың «түсу алдындағы» және пәндерді меңгергеннен кейінгі (пререквизиттер және постреквизиттер) дағдыларына (құзыреттілігіне) қойылатын талаптар,
- 3) пәндердің әрбір модуліне сипаттама (модульдік бірліктер тізбесі, яғни олардың қысқаша мазмұны, семинарлық және зертханалық-практикалық сабақтардың жоспарлары, студенттердің өзіндік жұмысының тақырыптары мен сұрақтары, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен, тапсырманы орындау және тапсыру кестесі);
- 4) қысқаша ұйымдастыру-әдістемелік сипаттама (оқыту мен оқу жетістіктерін бақылаудың негізгі формалары мен әдістері, оқытушының талаптары, курстың саясаты мен рәсімі),
- 5) білім алушылардың оқу жетістіктері нәтижелерін бағалау жүйесі.

1.18 Білім бағдарламалары жалпы білім беру және қосымша құзыреттіліктер қалыптастыруға бағытталған өзіндік оқыту модульдерінен (кіші модульдер, бөлімдер, тақырыптар) тұратын пәнаралық модульдерді қамтиды. Бұл ретте мақсаттары бір болған жағдайда бірнеше пәндер бір модульге бірігуі мүмкін.

1.19 Модульдік тәртіппен жасалған оқу жоспары: ЖББП, БП, КП кезеңдерінің пәндерінде қалыптасатын, жалпы мамандықтардан, қосымша және пәнаралық модульдерден, қосымша оқыту модульдерінен тұратын білім беру мазмұнының моделін көрсетеді және міндетті компонент пен таңдау бойынша компонент пәндерін қамтиды.

1.20 Модульді зерделеп аяқтаған соң қорытынды бақылау модуль бойынша кешенді емтихан нысанында не әрбір компонент – оқу пәні бойынша өзіндік емтихан нысанында өткізіледі.

Егер кешенді емтихан өткізілген жағдайда қорытынды бақылау бағдарламасына негізгі компонент бойынша сұрақтар кіреді, ал басқа компоненттер бойынша қорытынды бақылау нысаны реферат, эссе немесе курстық жұмыс (жоба) болып табылады. Кешенді емтихан кезінде баға тұтас модуль бойынша да, оның әрбір компоненті – оқу пәні бойынша да жеке қойылады.

1.21 Модуль бойынша кредиттер алудың шарты әрбір компоненттегі жұмыстың барлық түрлерін орындау және қорытынды бақылау бойынша оң баға болып табылады.

Егер тұтас бір модуль бойынша қорытынды бақылаудан қанағаттанарлықсыз деген баға алған жағдайда, білім алушылардың оның жеке компоненттері – оқу пәндері бойынша оң бағасы, онда олар қайта есептеледі. Келесіде білім алушылар бұл пәнді оқымайды.

2 МОДУЛЬДІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

Модульді білім беру бағдарламасын мамандық шығарушы кафедра дайындайды, факультет кеңесінде, университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде, оқу істері жөніндегі проректормен, оқу-әдістемелік басқарма басшысымен, факультет деканымен, кафедра меңгерушісімен және жұмыс берушілермен келісіліп, Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынылады. Модульді білім беру бағдарламасын ректор Ғылыми кеңестің шешімі негізінде бекітеді.

3 МОДУЛЬДІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

«Сырдария» университеті		ЖН-07-18
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Модульді білім беру бағдарламасын дайындау		13 беттің 5-беті

3.1 Модульді білім беру бағдарламасы оқу жылына әзірленеді.

3.2 Модульді білім беру бағдарламасына өзгерістер Ғылыми кеңес, оқу-әдістемелік кеңес шешімдерімен енгізіледі. Мамандықтың жұмыс оқу жоспарына өзгертулер енгізу тәртібі, мамандықтың жұмыс оқу жоспарын дайындау, келісілу тәртібімен бірдей.

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Дайындалған модульді білім беру бағдарламасының мазмұнына мамандық дайындайтын кафедра меңгерушісі жауапты.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу істері жөніндегі проректор, т.ғ.к., доцент:



С.Д. Мамраимов

Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлім басшысы:



А.А. Алтыбасва

«Сырдария» университеті		ЖН07-18
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Модульді білім беру бағдарламасын дайындау		17 беттің 6-беті

Үлгі

Модульді «Сырдария» университеті

Бекітемін
«Сырдария» университетінің
ректоры, п.ғ.к., доцент
_____ С С Дайырбеков
Ғылыми кеңесте қаралды.
Хаттама № _ _ _ _ 201_ жыл

Модульдік білім беру бағдарламасы 201_ -201_ оқу жылында қабылданғандар үшін

Факультеті: «Гуманитарлық білім»

Мамандығы: 5B011400- «Тарих»

Академиялық дәрежесі: «Тарих» мамандығы бойынша білім бакалавры

Оқу мерзімі: 4 жыл

1. Модульдік білім беру бағдарламасының паспорты

5B011400-«Тарих» мамандығының білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.08.2012ж. №1080 қаулысымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Бакалавриат) және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің м.а. 16.08.2013ж. №343 бұйрығымен (№425, 2016.07.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) бекітілген Типтік оқу жоспарына сәйкес құрастырылған

Білім беру бағдарламасының мақсаты: іргелі білім беру, білігі мен дағдысын қалыптастыру және тілдік даярлау, бітірушілерді әдіснама мен зерттеуге дайындау, отансүйгіштік пен патриоттық рухта тәрбиелеу, мәдениетті және ойлау мәдениетін жетілдіру.

1.1. Біліктілік және лауазымдар тізбесі

Білім бакалавры 5B011400- «Тарих» мамандығы бойынша келесі лауазымдарды атқара алады:

Колледж, гимназия, лицей, мамандандырылған мектептер мен орта мектептерде тарих пәнінің мұғалімі

1.2. Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің біліктілік сипаттамасы

1.2.1 Кәсіби қызмет саласы

5B011400- «Тарих» мамандығының білім бакалавры кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады

1.3.2 Кәсіби қызмет нысандары:

«Сырдария» университеті		ЖН-07-18
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Модульді білім беру бағдарламасын дайындау		13 беттің 7-беті

- негізгі және бейіндік мектептер,
- мамандандырылған мектептер,
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары болып табылады.

1.3.3 Кәсіби қызмет пәні

Қазіргі уақыттағы жаңа құралдар мен әдістерді пайдаланып, оқыту мен тәрбиелеу процесі болып табылады.

1.3.4 Кәсіби қызмет түрлері:

- білімдік,
- эксперименттік-зерттеу;
- ұйымдастыру-басқару,
- әлеуметтік-педагогикалық;
- оқу-тәрбиелік,
- оқу-технологиялық қызмет болып табылады

1.3.5 Кәсіби қызметінің функциялары:

- білім беру ұйымдарында педагогикалық қызметті жүзеге асыру;
- оқыту, тәрбиелеу және дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету,
- оқыту әдістері мен технологиясын жетілдіру;
- педагогика, тарих саласындағы зерттеулердің өзекті бағыттарын анықтау,
- оқу орнының қызметін басқару,
- қоғамдық ұйымдардың құрылымдық бөліктерінің жұмысын үйлестіру;
- оқушылар арасында мәдени-ағарту жұмысын жүргізу болып табылады

1.3.6 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері

білімдік қызмет саласында:

- білім алушыларды оқыту мен дамыту, оқыту және тәрбиелеу процесіне ұйымдастыру, педагогикалық процесті жобалауы және басқару, педагогикалық қызметтің нәтижелерін коррекциялауы, жобалауы, диагностика жасауы;
- тарихи гуманитарлық пәндер саласында кәсіби біліктілікті қалыптастыратын педагогикалық шеберлік негіздерін меңгеру

эксперименттік-зерттеу қызметі саласында:

- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқып-білуі,
- тарихи білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу және қорыту;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

ұйымдастыру-басқару қызметі саласында:

- тарихи білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлауы,
- оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтауы;

әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында:

«Сырдария» университеті		ЖН-07-18
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Модульді білім беру бағдарламасын дайындау		13 беттің 8-беті

- көпмәдениетті тұлға қалыптастыру;
 - білім алушылардың өмір сүруіне, тәжірибеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсетуі,
- оқу-тәрбиелік қызмет саласында:**
- оқу тәрбие жұмыстарын педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес іске асыру,
 - сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлауы,
 - нақты тәрбиелік міндеттерді шешуі,
 - тарих пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарда оқыту мен тәрбиенің әр түрлі формалары мен әдістерін таңдау және қолдануы,
 - оқушылар ұжымымен, осы сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен байланыс орнатуы,
- оқу-технологиялық қызмет саласында:**
- оқыту процесінде жана педагогикалық технологияларды қолдануы;
 - оқу-технологиялық процесін ұйымдастыруға және ақпараттық-коммуникациялық құралдарды және технологияларды пайдаланып ақпараттық ресурстарды өңдеуі тиіс.

1.3.7 Кәсіби қызметтің мазмұны

Педагогикалық процесті сапалы ұйымдастыру және басқару, білім алушылардың танымдық қызмет әдістерін белсенді меңгеру бағдары, білім берудің маңыздылығы, барлық білім беру процесінің білім алушы тұлғаға бағытталуы, оның өзін-өзі ашуына және өз-өзін көрсете білу мүмкіндігіне жағдай жасау, түрлі педагогикалық технологияларды қолдану, білім алушылардың кәсіби бағдарына және өз бетімен білім алуына жағдай жасау, педагогикалық қызметті педагогикалық, психологиялық және әдістемелік тұрғыдан дұрыс құру.

«Сырдария» университеті		ЖН-07-18
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Модульді білім беру бағдарламасын дайындау		13 беттің 9-беті

Модульдік білім беру бағдарламасының мазмұны

Модульдің коды	Модульдің атауы	Қалыптасатын құзыреттіліктер	Модуль компоненті
Жалпы білім беру пәндер модульдері - 30 кредит			
Міндетті пәндер модульдері 21 кредит			
1-модуль, 9 кредит			
ZhS	Жалпы білім беру	Түсінігі болуы керек: Білуі керек: Дағдысы болуы керек: Құзыреттілігіне қойылатын талаптар:	Кредит саны KZ:3, ECTS:5 Семестр:2 Пәннің коды: KKZT 1101 Пән атауы:Қазақстанның қазіргі заман тарихы Пәннің циклі:ЖБПМ МК/ТК: МК Бақылау түрі:Мемлекеттік емтихан Кафедра:Отан және шетел тарихы
		Түсінігі болуы керек: Білуі керек: Дағдысы болуы керек: Құзыреттілігіне қойылатын талаптар:	Кредит саны KZ:3, ECTS:5 Семестр:3 Пәннің коды: Fil 2102 Пән атауы:Философия Пәннің циклі: ЖБПМ МК/ТК: МК Бақылау түрі: Емтихан Кафедра: Отан және шетел тарихы
		Түсінігі болуы керек: Білуі керек: Дағдысы болуы керек:	Кредит саны KZ:3, ECTS:5 Семестр:4 Пәннің коды: АКТ 2103

«Сырдария» университеті		ЖН-07-18
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Модульді білім беру бағдарламасын дайындау		13 беттің 10-беті

		Құзыреттілігіне қойылатын талаптар:	Пән атауы: Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде) Пәннің циклі: ЖБПМ МК/ТК: МК Бақылау түрі: Емтихан Кафедра: Отан және шетел тарихы
2-модуль, 12 кредит			
TD	Тілдік дайындық	Түсінігі болуы керек: Білуі керек: Дағдысы болуы керек: Құзыреттілігіне қойылатын талаптар:	Кредит саны KZ:6, ECTS:9 Семестр: 1,2 Пәннің коды: АТ 1104 Пән атауы: Ағылшын тілі (А1, А2 деңгейі) Пәннің циклі: ЖБПМ МК/ТК: МК Бақылау түрі: Емтихан Кафедра: Тілдер
		Түсінігі болуы керек: Білуі керек: Дағдысы болуы керек: Құзыреттілігіне қойылатын талаптар:	Кредит саны KZ:6, ECTS:9 Семестр: 1,2 Пәннің коды: АТ 1104 Пән атауы: Қазақ (орыс) тілі Пәннің циклі: ЖБПМ МК/ТК: МК Бақылау түрі: Емтихан Кафедра: Тілдер
Жалпы білім беру пәндер модульдерінің таңдау компоненті – 9 кредит			
3-модуль, 9 кредит (модульдің біреуін таңдау)			
AE	Әлеуметтік	Түсінігі болуы керек: Білуі керек: Дағдысы болуы керек: Құзыреттілігіне қойылатын талаптар:	Кредит саны KZ:2, ECTS:3 Семестр: 1 Пәннің коды: ТҚН 1101

«Сырдария» университеті		ЖН-07-18
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Модульді білім беру бағдарламасын дайындау		13 беттің 11-беті

		<p>Пән атауы: Тіршілік қауіпсіздігі негіздері Пәннің циклі: ЖБПМ МК/ТК: МК Бақылау түрі: Емтихан Кафедра: Биология</p>
	<p>Түсінігі болуы керек: Білуі керек: Дағдысы болуы керек: Құзыреттілігіне қойылатын талаптар:</p>	<p>Кредит саны KZ:3, ECTS:5 Семестр:2 Пәннің коды: ECU 2404 Пән атауы: Экономика және кәсіпкерлікті ұйымдастыру Пәннің циклі: ЖБПМ МК/ТК: МК Бақылау түрі: Емтихан Кафедра: Құқық және экономика</p>
	<p>Түсінігі болуы керек: Білуі керек: Дағдысы болуы керек: Құзыреттілігіне қойылатын талаптар:</p>	<p>Кредит саны KZ:2, ECTS:3 Семестр:3 Пәннің коды: Dіn 2103 Пән атауы: Дінтану Пәннің циклі: ЖБПМ МК/ТК: МК Бақылау түрі: Емтихан Кафедра: Отан және шетел тарихы</p>
	<p>Түсінігі болуы керек: Білуі керек: Дағдысы болуы керек: Құзыреттілігіне қойылатын талаптар:</p>	<p>Кредит саны KZ:2, ECTS:3 Семестр:4 Пәннің коды: SA 2104 Пән атауы: Саясаттану Пәннің циклі: ЖБПМ МК/ТК: МК Бақылау түрі: Емтихан Кафедра: Отан және шетел тарихы</p>

«Сырдария» университеті		ЖН-07-18
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Модульді білім беру бағдарламасын дайындау		13 беттің 12-беті

Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде игерілген кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кесте

Оқу курсы	Семестр	Модульдер саны	Оқытылатын пәндер саны		KZ кредит саны							Барлық сағат саны	EC TS	Саны		
			МК	ТК	Теориялық оқу	Оқу тәжірибесі	Педагогикалық тәжірибе	Диплом алды тәжірибе	Оқытудың қосымша түрлері	Қорытынды аттестация	Барлығы			Емтихан	Сынақ	
1	1															
	2															
2	3															
	4															
3	5															
	6															
4	7															
	8															
Барлығы																

Келісілді:

Факультет кеңесі, хаттама № _____ 201__ жыл

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі, хаттама № _____ 201__ жыл

Оқу істері жөніндегі проректор,
т.ғ.к., доцент _____ С.Д. Мамраимов

«Гуманитарлық білім» факультетінің деканы,
п.ғ.д., доцент _____ А. Доспенбетова

Оқу-әдістемелік басқарма басшысы,
с.ғ.к., доцент _____ Р.С. Тәжітаева

Кафедра меңгерушісі,
т.ғ.к., доцент: _____ С.Н. Апашева

«Сырдария» университеті		ЖН-07-18
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Модульді білім беру бағдарламасын дайындау		13 беттің 13-беті

Келісілді

«Тұран» көп салалы мектеп-гимназиясы
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
директоры

_____ Г.М. Қалжанова

_____ 201_ жыл

Келісілді

№3 «Ю. Гагарин» атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры

_____ Б.Ш. Набатова

_____ 201_ жыл

Келісілді

№1 «М.Горький» атындағы мектеп-
гимназия коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің директоры

_____ Т.Т. Айгенжиева

_____ 201_ жыл

Келісілді

№2 «Ш. Уалиханов» атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры

_____ Ж. Маликов

_____ 201_ жыл

«Сырдария» университеті		ЖН07-18
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқауы	2-нұсқа
Модульді білім беру бағдарламасын дайындау		17 беттің 14-беті